

ӘОЖ 28+1+41

Ж.Б. Момынқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Zhanat.m@mail.ru

Исламның келешегі: мәселелер мен мүмкіндіктер

Аңдатпа. Мақалада мұсылман елдерінің даму мәселелері қарастырылып, Таяу Шығыс елдеріндегі саяси және интеграциялық үдерістердің дамуындағы исламның рөлі ерекше аталады. Автор аймақтың тарихи мәселелеріне талдау жасап, мұсылман әлемінің келешегіне қатысты өз пікірі мен болжамын ұсынады. Келешекте араб елдері ортақ тарихи және географиялық жақындықтың, діни және мәдени ұқсастықтың негізінде ірі интеграциялық құрылым құруы мүмкін. Әзірше бұл мүмкіндіктің жүзеге асуына мұсылман әлемін біріктіретін, жұмылдыратын жетекші бір елдің болмауы кедергі келтіруде. Түркия, Мысыр немесе Сауд Арабиясы мұсылман әлемінің геосаяси көшбасшысы, мәдени-идеялық орталығына айнарудан үміткер елдер болып табылады. Алдағы жиырма-отыз жылда ислам әлемі қатты өзгереді.

Түйін сөздер: мұсылман әлемі, модернизация, ислам болашағы, фанатизм, саяси көшбасшы.

Исламның келешегі жалғыз мұсылмандарды ғана ойландыратын мәселе емес. Исламтанушы мамандарды айтпағанда, дүние жүзінің интеллектуалдары, ғалымдары, саясаткерлері және геосаясатпен шұғылданатын стратегтерінің көбісі дерлік исламның алдағы жылдарда қалай дамитыны жайлы жиі ойланады. Бұл мәселе тіпті Батыстың қарапайым тұрғындарын да мазалайды. Себебі, исламның әсіресе, Батыс елдеріндегі қарқынды таралуы, бірқатар араб елдерінде саяси исламның билікке келуі, мұсылман дінін ұстанатындардың жалпы санының жылдам өсуі батыстықтардың үрейін туғызары хақ. Бұл жағдай, керісінше, мұсылмандардың өз діндерінің даму келешегіне байланысты үміттерін арттырып, исламның қағидаларын ұстануға себепші болады.

Бұл мақаламызда исламның келешегіне қатысты туындаған күмән, үрей немесе үміт сезімдерінің орынды яки орынсыз екендігін дәлелдейміз. Яғни, алдағы он немесе жиырма жылда исламның дүние жүзіндегі ықпалы мен таралу ауқымы туралы өз болжамымызды ұсынамыз. Исламның болашағы туралы сөз болғанда, әртүрлі қияли ойлар мен жаңсақ пікірлерден аулақ болу қажет. Сонымен бірге, зерттеу тақырыбының мәнін толық ашу үшін мұсылмандардың сол мәселеге қатысты көзқарасын, сезімі мен сенімін де ескердік. Мақаламыздың мақсаты

қазіргі шетелдік ойшылдардың пікірлерін ескере отырып, исламның алдында тұрған сынақтар мен қауіп-қатерлерді анықтап, исламның жалпы ахуалына тарихи-саяси талдау жасау. Сонымен қатар, қазіргі ақпарат көздеріне сүйене отырып, исламның алдағы дамуына қатысты жаңа мүмкіндіктерді саралау.

Сонымен, бұл мәселенің мәнін ашу үшін келесі сауалдарға жауап іздейік. Ислам расында Батысқа қауіп төндіретіндей күшке ие ме? Олай болса, исламның күші, қаупі неде? Ислам, діни әдебиеттерде көрсетілгендей, қайта өрлеп, дүние жүзілік күшке айнала ма? Біздің ойымызша, жоғарыдағы сұрақтардан бұрын төмендегі сұрақтарға да жауап іздеу қажет. Қазір ислам расында қайта күшеюде ме? Егер, солай болса, исламның қайта күшеюінің себептері неде? Осы орайда, исламның қандай басты міндеттері бар?

Батыс елдерінде, әсіресе Еуропада исламның жылдам таралуы жөнінде демографтар мен әлеуметтанушылар жиі жиі дабыл қағуда. Әрине, бұл мәселеде шынайы жағдайды әсірелеп, дақпырт тудырып жататын батыстықтармен қатар кейбір жеңілтек мұсылмандар да бар. Мәселен, Германияның Ислам мұрағаты орталық институтының 2007 жылғы мәліметі бойынша, Ресейді қоса алғанда Еуропада 53 миллион (7.2%) мұсылман тұратын болса, оның 16 миллионы ғана (3.2 %) исламның өкілдеріне (десек

те, бұл сандар үлкен күмән туғызады) жатады екен. Мамандар бұл санның 2020 жылға таман екі еселенетінін айтып отыр. Американың Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығы (CSIS) мұсылмандардың санына қатысты болжамдардың тым әсіреленіп жібергенін мәлімдеді. Тіпті, кейбір демографтар 2011 жылы мұсылман елдерінде адам санының азайғандығын алға тартады. Демек, мұсылмандар Еуропаға соншалықты үлкен демографиялық қауіп төндіріп отырған жоқ. Десек те, Еуропаға шынайы «қауіп төндіріп» отырған фактор ретінде Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан жыл сайын жүз мыңдаған адамның Еуропа қоныс аударуын атай аламыз. Мәселен, бір ғана Францияға жыл сайын 200 мың мигрант көшіп келеді екен. Қысқаша айтқанда, қазір Еуропаға көші-қон мәселесі қауіп төндіріп тұр. Негізінде, мұсылмандардың Еуропаға көшуі үдерісі «кәрі құрлықты» демографиялық дағдарыстан аман сақтап қалып, керісінше, демографиялық мәселенің оңтайлы да түбегейлі шешуінде маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Еуропалықтар исламнан 14 ғасыр бойы қорқып келеді. Исламның күшеюі кезеңдерінде де, оның әлсіреуі кездерінде де христиан әлемі мұсылмандарға үреймен яки күдікпен қарағаны рас. Себебі, ислам діні бірнеше маңызды факторлар бойынша христиан дінінен мықтырақ. Біріншіден, ислам ілімі христиан іліміне қарағанда мейлінше қатаң (тіпті, фанатизм деңгейінде) және жаңа діни жүйе болып табылады, екіншіден, исламның догматтық негіздері түйсіну және қабылдау тұрғысынан анағұрлым қарапайым және жеңілрек келеді, үшіншіден, ислам діні адам өмірінің әлеуметтік, қоғамдық, саяси сияқты барлық дерлік салаларына ықпал ете алады, төртіншіден, исламда отбасылық құндылықтар және Құранға негізделген ұжымдық дәстүрлер басты назарда ұсталады, бесіншіден, әртүрлі тарихи факторлар мен кедергілерге қарамастан ислам негіздерінің қаз-қалпында сақталуы, исламның жүйе ретіндегі икемділігі, баяндылығы мен өміршеңдігі, алтыншыдан, тарих көрсеткеніндей, исламның әртүрлі тарихи қиындықтарға қарсы тұрып, мұсылман халықтардың басын қосып, оларды ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі, жетіншіден, ислам діні тек діни қызметкерлердің ғана емес, сонымен қатар, қарапайым халықтың да өмірін белгілейтін басты фактор, сегізіншіден, ең жас

дін ретінде ислам жастарды қызықтыра алатын ілім. Демек, ислам – келешектің діні.

Ең қызығы, исламның пайда болуынан бері христиандық өзін ыңғайсыз сезініп келеді. Себебі, монотеистік тұрғыдан алғанда, ислам христиан дінінен түсініктірек, қисындырақ және қатаңырақ келеді. Қазіргі таңда, исламның кең таралуының басты себебі міне осында жатыр. Мұсылманның көзқарасында христиандар «Кітап иелері» өкілдері (Құдайға сенетін момындар) болса, ал, христиандардың көзқарасында мұсылмандар тура жолдан адасқандар болып табылады. Мұсылмандар Иисусты Иса пайғамбар деп таныса, христиандар Мұхаммед пайғамбарды мүлдем мойындамайды. Осы тұрғыдан алғанда, христиан әлемі ешқашан мұсылмандармен шынайы бейбіт диалогқа келу мақсатында бірінші қадамға бара алмайды. Ал, мұсылмандар өздерінің тәкаппарлығын жеңіп, дипломатиялық мінез танытқан жағдайда «бауырлас» христиандармен бейбітшілікке келе алады.

Данияның бұрынғы депутаты Герг Вильдерс тіпті шектен шығып, Гитлердің «Майн Кампф» атты еңбегі сияқты Құран Кәрімге де тыйым салу керектігін алға тартты. Оның ойынша, ислам діннен бұрын идеология, ол да коммунизм мен фашизм сияқты тоталитарлық жүйе екен. Оның ойынша, ислам діні дүние жүзінде басымдыққа ие болғысы келеді. Әрине, исламның келешекте дүниежүзінің басты дініне айналу ықтималы жоғары. Өйткені, Рим папасының өзі жуырда мұсылмандардың санының христиандар санына қуып жеткенін мойындады. Ағылшын тарихшысы Найалл Фергюсон өз кітабында келешекте мұсылман елдерінің күшейіп ғана қоймай, сонымен қатар бірігіп, халифатты қайта құратындығы туралы жазады. Оның ойынша, 2021 жылы дүниежүзілік саясатта Қытаймен қатар біріккен мұсылман елдерінің ықпалы артатын болады. Қазіргі дүниежүзілік саяси жағдай мәңгі осы күйінде қалмайды. Алдағы он-жиырма жылдың ішінде біз мүлдем басқа саяси әлемде өмір сүруіміз мүмкін [1, 2 б.].

Расында, мұсылман халықтарының исламды жаңаша бағалап, жалпы дүниежүзілік жағдайды қайта өзгертуге болатындығына деген сенімдерінің нығаюы, ислам дінінің екпіні мен қарқынының қаттылығы Еуропаны мазалап ғана қоймай, тіпті, қорқытып отыр. Батыс пен мұсылман әлемінің қазіргі текетіресінің екі себебі бар. Біріншіден, Батыс елдерінің өздері

бастап, мұсылман әлеміне қыр көрсетіп (табиғи байлықтарды иелену немесе ықпалын арттыру мақсатындағы әскери араласулар) отыр. Екіншіден, мұсылмандар Батыстың ашық шабуылына төзе алмай немесе соны сылтау етіп жиһад идеяларына қайта жүгінуге «мәжбүр» болып отыр. Бұған қоса, Еуропадағы мұсылмандардың «жат» рухани құндылықтары, мүлдем басқа өмір салты, бөлек менталитеті батыстықтардың үрей сезімін туғызады.

Соңғы кездерде Түркия, Мысыр сияқты елдерде исламшыл топтардың билікке келуі, «Араб көктемі» оқиғаларының нәтижесінде Ливия, Тунис сияқты елдерде саяси исламның күшейе бастауы, радикалды топтардың белсенді іс-әрекеті, әділетсіздік пен басқыншылыққа қарсы жиһад идеяларының көтеріле бастауы онсыз да күрделі жағдайға отқа май құйғандай әсер етті. Мұсылман елдерінде жаңа қайта өрлеу дәуірі басталып келе жатқанын Батыс елдерінің интеллектуалдары байқап отыр. Исламның көбінесе жастар арасында кең таралуы, исламға тән ішкі динамизмінің қайта күшеюі, ғаламдандудың нәтижесінде мұсылмандар бірлігі идеясының нығая түсуі, кейбір елдерде исламның саяси жеңіске жете бастауы Таяу Шығыс аймағында үлкен өзгерістердің болып жатқандығын білдіреді. Біздіңше, қазір аймақта болып жатқан саяси оқиғалар дүниежүзілік маңызға ие жаңа өзгерістердің басы ғана.

Біздің ойымызша, ислам Еуропаға немесе АҚШ-қа ешбір саяси да, экономикалық та қауіп төндіріп отырған жоқ. Керісінше, Батыс елдері геосаяси және геоэкономикалық мүдделерін қамсыздандыру үшін әртүрлі желеулермен Таяу Шығыс аймағына, мұсылмандар мен мұнай қорлары көп шоғырланған немесе стратегиялық маңызды елдерге ашық түрде экспансия жасауда. Мәселен, Ауғаныстан, Ирақ, Ливия, Сирия, Иран ж.т.б. Міне осындай шиеленісті жағдайда, жиһад туралы идеялардың жастар арасында кең таралуы табиғи жайт. Басқаша айтсақ, Батыстың сан-қилы шабуылдары мұсылман елдерінің де қорғанысқа көшуіне себепкер болып отыр. Бұл сыртқы шабуылға қарсы туындаған табиғи реакция. Осы орайда айта кеткен жөн, жиһад дегеніміз – өзге сенімдегі шабуылдаушы және басқыншы күштерге әртүрлі мүмкін тәсілдермен қарсылық білдіру.

Неге АҚШ, Еуропа Одағы және Израиль Солтүстік Корея (ядролық қаруға ие болуы

әбден мүмкін) немесе (ашық түрде АҚШ-ты әшкерелейтін және географиялық тұрғыда жақынырақ) Венесуэлаға емес, Ливия, Иран, Ирақ, Ауғаныстан, Сирия сияқты мұнайы мол немесе стратегиялық маңызды мұсылман елдеріне шүйліге береді? Қырғи-қабақ соғыс жылдарында элем капиталистік және коммунистік болып екі полюске бөлінген еді. Қазіргі кезеңде дүние жүзі геосаяси жағынан АҚШ пен Израиль бастаған «Батыс блогы» және Ресей мен Қытай бастаған «Шығыс блогына» бөлінген. Сирия мәселесінде Түркия мен Араб елдері АҚШ бастаған топты жақтайды. Тереңірек ойлансақ, мұсылман әлемі негізінде «Батыс блогына» қарсы. Алдағы жылдары мұсылмандар жоғарыдағы конъюктуралық ұстанымын өзгертіп, оған қарама-қайшы көзқараста болуы әбден мүмкін. Егер, Таяу Шығыстағы исламшылдық, яғни, исламның күшеюі (салафшылдық, саяси ислам, жиһадшылдық, радикализм) Батыс елдеріне шын мәнінде зиян келтірген болса, аталмыш державалар шииттік Иран мен Сирияны емес, сунниттік Сауд Арабиясын (шариғат елі, салафшылардың отаны) немесе Мысырды (саяси исламның жаңа ірі ошағы) нысанаға алар еді. Қазір мұсылман елдерінің қолында өте маңызды күш бар. Ол – мұнай факторы және әділетсіздікке қарсы ұйымдастырылған «Арабкөктемі» оқиғаларының авторлығы.

Жоғарыда, Еуропаға мұсылман миграциясы қауіп төндіріп отыр дедік. Ал, мұсылман елдеріне Батыстың әскери-саяси басқыншылығы, экономикалық өктемдігі маза бермеуде. Батыс елдері «блогының» мұсылман әлеміне ашық түрде шүйлігуі мұсылмандарды біріктіретін, жұмылдыратын фактор болып отыр. Бұл жағдайда, жиһад мәселесі мұсылмандардың жеке күрес мәселесі (жиһад дегеніміз – өз нәпсісімен, әділетсіздікпен күресу) болудан қалып, Батысқа бағыттталып, оның зиянды салдарлары міндетті түрде Еуропаға өз әсерін тигізеді. Жаһандану немесе ғаламдану мұсылмандар үшін қауіптен бұрын, үлкен мүмкіндіктер ұсынуда. Әртүрлі заманауи байланыс құралдарының жедел дамуы мұсылмандарды біріктіретін, ақпараттандыратын, нығайтатын фактор. Міне сондықтан, мұсылмандар бірлігі идеясы, яғни біртұтас умма идеясы күшейе түспесе, әлсірей қоймайды. Ғаламдану немесе ақпараттану ғасырында мұсылмандар қосымша жаңа мүмкіндіктерге ие болады.

Енді исламның қайта күшеюінің себептеріне келейік. 1924 жылы Османлы халифаты құлдырап, мұсылман елдері орталықсыздандырылады. Ислам бойынша, бір саяси-рухани орталықсыз мұсылмандар ыдырап, әлсірейді, тіпті бірбірімен қақтығысады. Мұсылман әлемінде халықтың иманының әлсіреуі, тіпті діннің ұмытылуы кезеңдерінде сол заманның ғұламалары бастаған «Дінді қайта жаңғырту қозғалыстары» орын алып отырған. Тарихтың талай мәрте дәлелдегеніндей, исламды күшейтетін саясаткерлер емес, ұжымдық күштер де емес, мұсылман дінінің нығаюын қамтамасыз ететін ислам ғұламалары. Қазіргі араб тарихшысы, доктор Тарек әс-Суэйданның ойынша, алдымен діни ғалымдар шығады, олар бұқарамен жұмыс жасап, оларды жаңа жағдайға дайындайды, содан кейін бұқараның арасынан саяси көшбасшылар шығып, діни принциптер негізінде саяси жүйені құрады. Ислами құндылықтар миллиондаған мұсылмандардың санасында нық орныққаннан кейін ғана нақты нәтиже береді. Күшті әлеуметтік топтарсыз, қоғам негізсіз ислам саяси жүйеге айнала алмайды [2, 3 б.].

Халифат ыдырағаннан кейін, төрт-ақ жылдан соң (1928 жылы) «Мұсылман бауырлар» (Ихуан әл-Муслимун) атты ұйым құрылады. Оның басты мақсаты исламды қайта жаңғыртып, халифатты қайта құру еді. Тоқсан жыл бойы аталмыш ұйым Түркия, Мысыр сияқты елдерде әртүрлі секуляристтік саяси жүйелер жағдайында күрес жүргізуге мәжбүр болып, әбден шыңдала түсті. Аталмыш діни ұйым исламның консервативтік, демократиялық бағытына айналып, жылдар бойы қоғаммен белсенді насихат жұмыстарын жүргізіп, соның нәтижесінде жуырда саяси жеңіске жетті. Мысалы, қазіргі Түркия Парламентінің басым көпшілігін аталмыш ұйыммен байланысты Әділет және Даму партиясы (Парламенттегі орындардың ең кемі жартысына ие), Мысырда Еркіндік және Әділет партиясы (Парламенттегі орындардың шамамен 70%) иеленді.

Түркияда исламның қайта күшеюінде «Нурджулук» діни ағымының әсері зор болды. Жалпы, мұсылман шығысында ислам діні халық өмірінің барлық салаларын реттейтін жүйе ретінде үнемі кең қоғам қолдауға ие болып келді. Солтүстік Африкадағы «Араб көктемінің» артынан Ту-

нис пен Ливияда демократиялық сайлаулардың нәтижесінде билік басына исламшылдар келді. Бұған исламшылдар күшті саяси ықпалға ие Пәкістан мен Ауғаныстанды қосыңыз. Сирияның қазіргі оппозициясы да сунниттік «Мұсылман бауырлар» діни-саяси ұйымының ықпалындағы саяси күш. Сирияда Б.Асад биліктен аластатылған жағдайда, аталмыш ұйымның өкілдері билікке келуі ықтимал.

Сонымен, көз алдымызда Таяу Шығыс пен Солтүстік Африканың саяси бет-бейнесі өзгеріп, мұсылман әлемінде үлкен түбегейлі де терең саяси-қоғам ауысулар орын алуда. Сунниттік мемлекеттер бірігудің қажеттілігін жіті түсініп, ортақ қадамдарға баруда. Сауд Арабиясы, Түркия, Мысыр елдері мұсылман әлемін алға бастайтын көшбасшы мемлекеттер. Мұсылман әлемі тарихтың динамикасы мен өзгерістеріне бейімделуі керек. Мұсылман мемлекеттері саяси-экономикалық реформалаудың тетіктерін табуы қажет. Реформалар жүргізілмесе, мұсылман аймағы пайдасыз, енжар кеңістікке айналуы ықтимал. Алдымен, ислам ой-пікірінің реформалануы қажет [3, 2 б.].

Мұсылмандар дүниежүзінің қалай, қай бағытта дамитындығын анықтап, әлемдік деңгейдегі мәселелерді шешуге лайықты да қомақты үлес қосуы қажет. Олай болмаған жағдайда, мұсылман әлемі тұйықталып, шектеледі, тіпті, қиын жағдайға душар болады. Тарих көрсеткеніндей, исламдіні қылыштың емес, ақыл-оймен мызғымас иманның күшімен ғана қайта нығая алады. Батыс елдері мұсылман әлеміне саяси, экономикалық, интеллектуалдық, әскери жағынан қыр көрсетіп отыр [4, 5 б.]. Мұсылмандар бұған лайықты жауап беребілу үшін алдымен, өз діндеріне сәйкес мінез-құлқын өзгертіп, ортақ стратегиялық жоспарларды бірге жүзеге асырулары қажет.

Әдебиеттер

- 1 «Russia Today» TV Channel. www.rt.ru, Ресей.
- 2 Dr. Tareq As-Sweidan. Future of Islam. Video conference 1-13. Аустралия.
- 3 Muslim New Magazine. Future of Islam. Video conference. АҚШ.
- 4 Khaled Yazeed. Islam and Modernity. Video conference 1. Пәкістан.

Ж.Б. Момынқұлов
Будущее Ислама: проблемы и возможности

В статье рассматриваются основные проблемы развития мусульманских стран, особо отмечается роль ислама как основы политических преобразований и интеграционных возможностей в вышеназванном регионе. Автор анализирует ключевые исторические проблемы и вопросы эволюционных и интеграционных процессов на Ближнем Востоке. Также, автором дается востоковедческий анализ прошлого и настоящего развития мусульманского мира. Кроме того, автор предлагает свой прогноз относительно интеграции арабских стран на основе религиозной, географической, исторической и культурной идентичности. Основным препятствием на пути реализации интеграционных проектов в ближневосточном регионе, является отсутствие в мусульманском мире страны-лидера, который смог бы объединить остальные страны на основе религиозно-исторических факторов. Египет, Турция или Саудовская Аравия, рассматриваются основными претендентами на роль страны-интегратора мусульманских стран перед вызовами современности.

Ключевые слова: мусульманский мир, модернизация, будущее ислама, фанатизм, политический лидер.

Zh. B. Momynkulov
Future of Islam. Issues and Possibilities

Abstract: In this article the main issues of development of Muslim countries are considered. Also, the role of Islam as a base of political changes and integration possibilities in the above mentioned region is pointed out. Author of the article analyzes the key issues and problems of the integration and evolution processes in the Middle East region. Author of this report presents his own analysis of the past and present of development of Muslim World. Besides, the writer forecasts the future of integration of the Arabic countries on the base of religious, geographic, historical and cultural identities. The basic obstacle before implementing of the integration processes in the Middle East region is absence of a leader that could unify the Muslim countries under the religious and historical values. However, Turkey or Egypt or Saudi Arabia are considered by the experts as key possible powers that could pretend to be a new leader of The Muslim World against the modern challenges.

Keywords: мусульманский мир, modernization, future of Islam, fanaticism, political leader.